ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 26 қыркүйек №7119-25-00-2/10380 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпсалалы медицина орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Кубенов» атынан Кубенов Женыс Нургалиевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көпсалалы медицина орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Кубенов» атынан Кубенов Женыс Нургалиевичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Кубенов» атынан Кубенов Женыс Нургалиевич мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Кубенов» атынан Кубенов Женыс Нургалиевичтен мемлекет кірісіне 30 960 (отыз мың тоғыз жүз алпыс) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 2 895 (екі мың сегіз жүз тоқсан бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.11.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 05.11.2025
7119-25-3-1/10519

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья

Ж.Ж.Нұрғалиева

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 26.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.11.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 05.11.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство